

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР
МИНИСТРЛІГІ**

«Қазгидромет» РМК



**Тау өзендері бойынша гидрометеорологиялық ақпараттар №63
(Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің күнделікті бюллетені)**

«03» тамызға 2022 ж.

(бюллетеннің әрекет ету аралығы «02» тамыз күні 21 сағаттан «03» тамыз күні 21 сағ. дейін 2022 ж.)

құрастырылған уақыты: 02.08.2022 ж.

Мекен жайы : Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел, 11/1
Алматы қ., Абай көшесі, 32

| | | | |
|---------------------------|----------------|------------------------|---------------------------------|
| Кезекші синоптик: | Сагандыкова З. | тел.: 8(7172) 79-83-75 | e-mail: ukpp@meteo.kz |
| Кезекші инженер-гидролог: | Апсалимова Т. | тел.: 8(7172) 79-83-94 | e-mail: moldagalieva_a@meteo.kz |
| СҮЗСББ басшысы: | Яфязова Р. | тел.: 8(727) 267-64-87 | e-mail: seli@meteo.kz |

**2022 жылғы «03» тамызға
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы**

| | |
|--|---|
| Іле Алатау | Күндіз жаңбыр (1,0-14,0 мм), найзағай. Солтүстік-шығыс желі оңтүстік-батыс бағытқа ауысады, күші 9-, найзағай кезінде екпіні 17-22 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 15-20 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 9-14 градус жылы. |
| Күнгеі Алатау | Күндіз жаңбыр (1,0-14,0 мм), найзағай. Солтүстік-шығыс желі 9-14, найзағай кезінде екпіні 17-22 м/с. м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 16-21 градус жылы. |
| Теріскей Алатау | Күндіз жаңбыр (1,0-14,0 мм), найзағай. Солтүстік-шығыс желі 9-14, найзағай кезінде екпіні 17-22 м/с. м/с. Ауа температурасы түнде 9-14, күндіз 16-21 градус жылы. |
| Жетісу Алатау | Кей жерлерде жаңбыр (1,0-5,0 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 17-22 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 15-20 градус жылы. |
| Қырғыз Алатау | Жаңбыр (түнде және күндіз 2,0-7,0 мм), күндіз кей уақытта қатты (15,0-18,0 мм) найзағай, бұршақ, дауыл болады. Батыстан, оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с күтіледі. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 22-27 градус жылы болады. |
| Талас Алатау (Жамбыл облысы) | Жаңбыр (түнде және күндіз 2,0-7,0 мм), күндіз кей уақытта қатты (15,0-18,0 мм) найзағай, бұршақ, дауыл болады. Батыстан, оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с күтіледі. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 22-27 градус жылы болады. |
| Талас Алатау (Түркістан облысы) | Кей уақытта жаңбыр, найзағай, дауыл, (2,0-9,0 мм). Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 18-23 градус жылы. |
| Өгем жотасы | Кей уақыта жаңбыр (2,0-8,0 мм), найзағай, дауыл. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 16-21, күндіз 26-31 градус жылы. |
| Маңғыстау таулары | Жауын-шашынсыз. Жел солтүстік-шығыстан батысқа ауыспалы, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 20-25, күндіз 32-37 жылы. |
| Сауыр | Жауын-шашынсыз. Жел солтүстіктен, солтүстік-шығыстан 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, кей жерлерде 3, күндіз 21-26, кей жерлерде 10-15 жылы. |
| Тарбағатай | Жауын-шашынсыз. Жел солтүстіктен, солтүстік-шығыстан 9-14, күндіз кей жерлерде 15-18 м/с. Ауа температурасы түнде 11-16, күндіз 23-28, кей жерлерде 33 жылы. |
| Қазақстандық Алтай | Таңертең және күндіз кей жерлерде жаңбыр (1,0-5,0 мм), найзағай, бұршақ. Жел солтүстіктен, солтүстік-шығыстан 9-14, күндіз найзағай кезінде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, кей жерлерде 18, күндіз 25-30, кей жерлерде 20 жылы. |


2022 жылғы 02 тамыздағы жағдай бойынша Іле Алатауының таулы өзендеріне шолу

Өткен тәулікте Іле Алатауының таулы өзендерінде су деңгейінің шамалы ауытқуы байқалды. Бір тәулік ішінде кейбір өзендерде жауын-шашын әсерінен су деңгейінің көтерілуі байқалды: Құмбел өзені сағасында орналасқан ГБ-те 4 см-ге; Қаскелен өзені – Қаскелен ГБ-те 1 см-ге. Үлкен Алматы көлінің су деңгейі 30 см-ге көтерілді. Таулардағы температуралық фон 5°C-дан 18°C-ға дейінгі жылу диапазонында сақталады. Нөлдік изотерма теңіз деңгейінен 4200 м биіктікте орналасқан.

Білімқұмарлар үшін селдер туралы мәліметтер

Тарихи анықтама

1956 жылы 7 тамызда Тұйықсу мұздығының моренасында сел пайда болды. Ағын қозғалысының басталуы 15 сағат 37 минутта Мыңжылқы гидробекетінің тұстамасындағы торг (троговая) аңғарында байқалды. Метеорологиялық станцияның куәгер-бақылаушыларының ойында қалғандай, ол қуатты гүрілмен, тастардың ұшуымен бірге жүрді. Ағын моренаның шептік бөлігінің арналық тереңдеуі бойынша жылжыды. Балшық тас ағыны түпкілікті Горельник турбазасына



Кіші Алматы өзенінің жоғарғы сағасында мореналық көлдер мен ішкімұздық сыйымдылықтардың босауы кезінде пайда болған ойыстар.

жақындағанда қалыптасты. Одан әрі Кіші Алматы өзенінің арнасымен және бөгеттен төмен-Есентай өзені бойымен темір жолға дейін қозғала отырып, ағын біртіндеп әлсіреді. Ірі сынық материалдың негізгі бөлігі Медеу – Дамба телімінде шөкті. Сел айтарлықтай зиян келтірді.

Егер Кіші Алматы өзеніндегі Мыңжылқы гидробекетінің тұстамасындағы тұрмыстық су шығыны 1 м³/с-қа жақын болса, Тұйықсу мұздығындағы ішкімұздық сыйымдылығынан су құйылу кезінде судың максималды шығыны 30-40 м³/с-қа бағаланды. Осыдан кейін, 4-5 күн ішінде Кіші Алматы өзенінің жоғарғы ағысында тұрмыстық шығындардан едәуір асатын шығындар байқалды. Демек, Тұйықсу мұздығынан үлкен су массасы төгілуі туралы сөз болып отыр. Осылайша, 1956 жылғы балшық тас селі қуатты және ұзақ кейін сел тастықынымен бірге жүрді. Сел шығарылымдарының жалпы көлемі 1,1 млн м³ болып анықталды.

Тұйықсу мұздығының ішінде судың үлкен көлемі қалыптасуы мүмкін екені белгілі болды, олардың төгілуі апатты селдердің пайда болуына әкеп соқтырады.

**Іле Алатауының таулы өзендерінің режимі туралы мәліметтер
2022 ж. "02" тамызға**

| № | Өзен | Пункт | Биіктік, м | Ауа температурасы, °С | | | Жауын-шашын, мм | | Су деңгейі, см | | Су өтімі, м³/с | | | Тәуліктегі су деңгейінің өзгерісі (8 сағ.), см | Лай- лылық |
|----|----------------------|------------------------------------|---------------|-----------------------|---------------|------------------|--------------------|---------------|----------------|------------------|----------------|----------------|------------------|--|---------------|
| | | | | Макс. 01.08 | Мин. 02.08 | 08 сағ. 02.08 | Күн. 01.08 | Түн. 02.08 | Орт. 01.08 | 08 сағ. 02.08 | Орт. 01.08 | Макс. 01.08 | 08 сағ. 02.08 | | |
| 1 | К. Алматы | Мыңжылқы М | 3017 | 9.8 | 3.5 | | 6.6 | 4.3 | | | | | | * | * |
| 2 | К. Алматы | Мыңжылқы ГБ | 3017 | | | 5.0 | | | 269 | 267 | 1.49 | 1.66 | 1.17 | -1 | * |
| 3 | К. Алматы | Тұйықсу а. ГБ | 2466 | | | 8.0 | | | 621 | 621 | 2.31 | 2.31 | 2.31 | 0 | * |
| 4 | К. Алматы | Шымбұлақ М | 2200 | 17.5 | 8.4 | | 3.3 | 4.5 | | | | | | * | * |
| 5 | К. Алматы | Сарысай ГБ | 1928 | | | 13.0 | | | 278 | 277 | 3.31 | 3.31 | 3.15 | -1 | 0 |
| 6 | К. Алматы | Медеу ГБ | 1700 | | | 13.0 | 4.0 | | 114 | 113 | | | | 0 | 0 |
| 7 | Батарейка | Просвещенец ГБ | 1569 | | | 14.0 | | | 48 | 47 | 0.08 | 0.08 | 0.08 | 0 | 0 |
| 8 | К. Алматы | Алматы қ. ГБ | 1179 | | | 13.0 | | | 193 | 192 | 2.12 | 2.25 | 2.0 | 0 | 0 |
| 9 | Бұтақ | Бұтақ ГБ | 1475 | | | 17.0 | 2.0 | | 246 | 246 | | | | 0 | 0 |
| 10 | Ү. Алматы | көл. 1.1 км жоғарыдағы ГБ | 2654 | | | 7.0 | | | 327 | 324 | 8.13 | 9.11 | 6.66 | -1 | 1 |
| 11 | Ү. Алматы | Проходной ө. 2 км жоғарыдағы ГБ | 1471 | | | 17.0 | | | 283 | 283 | | | | 0 | * |
| 12 | Құмбел | Устье ГБ | 2150 | | | 11.0 | 8.0 | | 75 | 78 | | | | +4 | * |
| 13 | Проходная | Устье ГБ | 1422 | | | 15.0 | | | 286 | 284 | 2.65 | 2.79 | 2.50 | 0 | 0 |
| 14 | Терісбұтақ | Устье ГБ | 1362 | | | 14.0 | 2.0 | | 217 | 216 | 0.91 | 0.92 | 0.89 | 0 | 0 |
| 15 | Қаскелең | Қаскелең ГБ | 1133 | | | 17.0 | 7.0 | | 295 | 295 | 7.55 | 7.76 | 7.55 | +1 | * |
| 16 | Түрген | Таутүрген ГБ | 1054 | | | 18.0 | 13.0 | | 122 | 119 | 1.3 | 1.40 | 1.21 | -4 | * |
| 17 | Есік | Есік қ. ГБ | 1279 | | | 16.0 | 6.0 | | 220 | 220 | | | | 0 | * |
| 18 | Талғар | Талғар ГБ | 1199 | | | 15.0 | 2.0 | | 321 | 319 | | | | 0 | 2 |
| 19 | Үлкен Алматы көлі | Көлдің солтүстік жағалауында ГБ | 2500 | 14.0 | 6.8 | | 2.5 | 1.5 | 718 | 740 | | | | +30 | * |

Ескертпе:

* - деректер жоқ

Қазақстан аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

«03» тамызға 2022 ж.

| Облыстар | Сел қауіпті аудандар | Гидрометеорологиялық жағдай |
|-----------|----------------------|--|
| Алматы | Іле Алатауы | Ауа температурасының төмендеуіне және қардың түсуіне байланысты солтүстік экспозиция беткейлеріндегі маусымдық қар сызығы 3600 м биіктікке дейін төмендеді. Мұздықтарда қар жамылғысының еруі баяулады. Биік таулы және орта таулы аймақтарда жауын-шашынның түсуіне байланысты топырақтың ылғалдануы артты, бірақ ол критикалық мәннен аспайды. Күндіз жаңбыр (1,0-14,0 мм), найзағай. Мұндай жауын-шашынның түсуі жаңбыр генезисті селін қалыптастыруға алып келмейді. |
| | Күнгеі Алатауы | |
| | Теріскей Алатау | |
| Жетісу | Жетісу Алатауы | Мұздықтарда қар жамылғысының еруі жалғасуда. Кей жерлерде жаңбыр (1,0-5,0 мм), найзағай. Мұндай жауын-шашынның түсуі жаңбыр генезисті селін қалыптастыруға алып келмейді. |
| Жамбыл | Қырғыз Алатауы | Мұздықтарда қар жамылғысының еруі жалғасуда. Жаңбыр (түнде және күндіз 2,0-7,0 мм), күндіз кей уақытта қатты (15,0-18,0 мм) найзағай, бұршақ, дауыл болады. Селдің пайда болуы жоққа шығарылмайды, жергілікті аумақта түсетін жауын-шашынның қарқындылығы мен қабатына байланысты. Сел қауіптілігі бар аумақта тәртіп ережелерін сақтаңыз. |
| | Талас Алатауы | |
| Түркістан | Талас Алатауы | Кей уақытта жаңбыр (2,0-9,0 мм), найзағай, дауыл. Мұндай жауын-шашынның түсуі жаңбыр генезисті селін қалыптастыруға алып келмейді. |
| | Өгем жотасы | Кей уақытта жаңбыр (2,0-8,0 мм), найзағай, дауыл. Мұндай жауын-шашынның түсуі жаңбыр генезисті селін қалыптастыруға алып келмейді. |
| Маңғыстау | Маңғыстау таулары | Жауын-шашын күтілмейді. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. |
| Абай | Тарбағатай | Жауын-шашын күтілмейді. Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисті сел қалыптасуына ықпал етпейді. |
| Шығыс | Сауыр | Мұздықтарда қар жамылғысының еруі жалғасуда. Жауын-шашын күтілмейді. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. |

| | | |
|------------------|---------------------------|--|
| Қазақстан | Қазақстандық Алтай | Мұздықтарда қар жамылғысының еруі жалғасуда. Таңертең және күндіз кей жерлерде жаңбыр (1,0-5,0 мм), найзағай, бұршақ. Мұндай жауын-шашынның түсуі жаңбыр генезисті селін қалыптастыруға алып келмейді. |
|------------------|---------------------------|--|

Сел қауіптілігінің белгілері және сел қауіптілігі бар аумақта өзін-өзі ұстау ережелері

Тауларға баруды және тауда болуды жоспарлау кезінде ауа райы болжамын ескеру және дауылды ескертулерді қадағалау, сұрапыл апат қауіптілігіне уақытылы әрекет ету қажет.

Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін, ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел тасқынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Күшті жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қаупінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қаупі бар аумақта өзін-өзі ұстау ережелері

- ✓ Өзен арнасына, құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.